

Шектеу іс-шараларын белгілеу

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 5 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі әкімінің 13.02.2023 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Денисов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының міндетін атқарушысының 2022 жылғы 4 шілдедегі № 01-27/412 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Денисов ауданы, Покров ауылдық округінің Покровка ауылының Виталий Викторович Светиннің жайылымдық табыны, сауын табындары Султан Танатқанұлы Мендыбаевтың, Зұлхиза Айдарханқызы Сулейменованың, Аскар Наурзбайұлы Жунусовтың және Арыстансор станциясында Сапарғали Тасымұлы Шушаковтың табыны аумағында орналасқан мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Покров ауылдық округінің әкімі

Т. Саркетов